

Салық заңдарын бұзғаны үшін қарастырылған санкциялардың (айыппұлдар мен өсімдер) күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 10 тамыз N 1109

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі N 2367 U952367_ Заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу, туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 8 тамыздағы N 2405 U952405_ Заң күші бар Жарлығы қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. 1993 жылдың 1 қаңтарынан 1995 жылдың 1 шілдесіне дейінгі кезең ішінде төленбей қалған өздерінің салықтары мен басқа да бюджетке міндетті төлемдері туралы 1995 жылдың 15 қыркүйегін қоса есептеген күнге дейін хабарлаған және оларды 1995 жылдың 15 қыркүйегіне дейін толық мөлшерінде төлеген заңды және жеке тұлғаларға мұндай салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша айыппұлдар мен өсімдер қолданылмайды.

1995 жылдың 15 қыркүйегін қоса есептеген мерзімге дейін енгізілмеген жарияланған салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер бойынша салық заңдарын бұзушылыққа жол берілген мезеттен бастап өсімдер салық заңдарына сәйкес е с е п т е л е д і .

(2 - т а р м а қ)

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.10.02. N 1213 қаулысымен. P961213_

3. Салық төлеушілердің 1995 жылдың I шілдесіне дейінгі және 1995 жылдың 9 тамызына дейін өтелмеген берешектері бойынша "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығына сәйкес өсімдер қолданылады.

4. Шетел компанияларының басқаруына берілген компаниялар олардың осы компанияларға берілгенге дейін салық заңдарын бұзғаны үшін есептелген айыппұлдар мен өсімдерден босатылсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы аталған қаулының орындалуын камтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК